

"Шығыс Қазақстан облысы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 5 шілдедегі № 197 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 29 шілдедегі № 192 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына және 39-бабына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 7) тармақшасына, 164-бабына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Шығыс Қазақстан облысы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 5 шілдедегі № 197 қаулысына (2017 жылғы 18 наурыздағы № 74, 2022 жылғы 24 қарашадағы № 287 қаулыларымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып) мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Шығыс Қазақстан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі ережесінің 15-тармағының (26), (27), (28), (29), (30), (31), (32), (33), (34), (35), (36) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"26) коммуналдық меншікке жататын концессия объектілері бойынша, егер концессия объектісін құру (реконструкциялау) құны республикалық бюджет туралы занда белгіленген және тиісті қаржы жылышының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 4000000 еселенген мөлшерін құраған жағдайда мыналар бойынша :

конкурстық (аукциондық) құжаттама бойынша, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде;

концессионер таңдау жөніндегі конкурс (аукцион) өткізілген кезде конкурсыңа (аукционға) қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдер;

концессия шарттарының жобалары бойынша, оның ішінде концессия шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде қорытындылар дайындауды;

27) "Концессия туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 3-2) тармақшасында белгіленген жағдайларда сараптама жүргізу үшін занды тұлғаларды айқындау;

28) коммуналдық меншікке жататын концессия объектілеріне қатысты комиссия туралы ережені құру;

29) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін қалыптастыру және бекіту;

30) жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары шенберінде жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздер кезінде жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына бизнес-жоспарларға, жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының конкурстық (аукциондық) құжаттамасына сараптама жүргізуге уәкілеттік берілген занды тұлғаны айқындау;

31) жергілікті атқарушы орган айқындаитын занды тұлға жүргізетін сараптаманың негізінде мемлекеттік-жекешілік әріптестік жобасына бизнес-жоспарға қорытынды дайындау;

32) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша конкурстық құжаттаманы келісу және жергілікті атқарушы органдары айқындаитын, сараптама жүргізуге уәкілетті занды тұлғалар жүргізген конкурстық құжаттама сараптамасының қорытындысын конкурсты ұйымдастырушыға жолдау;

33) облыстың бюджет комиссиялары макұлдаған, тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын әрбір мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын консультациялық қолдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді қаржыландыру көлемдері бойынша консультациялық қолдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің тізбесін қалыптастыру;

34) жергілікті жобалардың іске асырылу мониторингі бойынша жиынтық есепті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жіберу;

35) шетел занды тұлғалары мен өнірдегі мемлекеттік инвестициялық және басқа да басым жобаларды қаржыландыру мен инвестиция тарту мәселелері бойынша әлеуетті инвесторлармен өзара қарым-қатынас;

36) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процесстік кодексімен бекітілген тәртіpte экономика және бюджеттік жоспарлау мәселелері бойынша петицияларды өз құзыреті шегінде қарастыру;".

2. Шығыс Қазақстан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы :

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күтізбелік бес күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкінде жариялау үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыдан туындаитын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің экономика және бюджеттік жоспарлау мәселелеріне жетекшілік ететін бірінші орынбасарына жүктелсін.

4. Қаулы оның ресми жариялаған күннен бастап күшіне енеді.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

E. Көшербаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК